

Республикалық қосымша
білім беру оқу-әдістемелік
орталығы директорының
2014 ж. «___»_____№_____
бұйрығымен бекітілген

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдары
педагогтарының біліктілігін арттыру курстарының
БАҒДАРЛАМАСЫ**
**«Қосымша білім беру ұйымдарда туристік-өлкетану бағытында
қолданылатын инновациялық технологиялары
(туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізу)»
(72 сағат)**

Түсіндірме хат

12 жылдық білімге көшудегі қазіргі заманғы қосымша білім беру жүйесін дамытудың негізгі үрдісі – оны жалпы орта біліммен ықпалдасатын жалпы білім кеңістігін құру.

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру жүйесін дамыту және мазмұнын жетілдіру қарастырылған. Келешекте балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың жетістігі ұйымдастырушылық, кадрлік, ғылыми, бағдарламалы-әдістемелік, материалдық-техникалық сипаттағы бір қатар мәселелердің шешілуіне байланысты.

Туристік-өлкетану қызметі қазіргі әлеуметтік-біліми жағдайда бейімді тұлға қалыптасуының ықпалды құралы болып табылады, тәрбие берудің патриоттық, азаматтық, адамгершілік, экологиялық, эстетикалық жағдай жасауына мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша туристік-өлкетанушылық білім беру жүйесі педагогтарының біліктілігін арттыру білім алушылар тұлғасының дамуына бағытталған кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер жиынтығын қалыптастыру үдерісін болжайды. Туристік-өлкетану бағытының педагогы (мектеп туризмінің нұсқаушысы) өз қызметінің бейінін (туризм түрлері бойынша, іздену қызметі, мұражай жүргізу, авторлық ән және т.б.) ескере отырып қабілеттерін дамытуы тиіс, біліктілікті арттыру барысында өзінің білім бағдарламасын құрып, жүзеге асыруы тиіс.

Егер балалардың қосымша білім беру жүйесіндегі туристік-өлкетану бағыты педагогтарының дайындығы балалар туризмінің анықталған кәсіби сапасы жинақталған абстрактілі маманды қалыптастыруға бағытталмай, тұтас тұлғаны көп кәсіпқойлықтың қалыптасуына бағытталуы тиімдірек болады. Мұндай тәсілде кәсіпқойлық білім мен іскерлік жүйесін, қызмет

тәсілінің жалпы және арнайы әдістерін меңгеру машықтары, өз жұмысын жетілдіруге қабілеттілік пен қажеттілік, өзгерістерге дайындық, қалыптан тыс ой-пікірді игереді. Бұл жағдайда кәсіби шеберлік ұғымы білім мен іскерлік, қызметтің жалпы және арнайы тәсілдерін меңгеру, өз қабілеттерін дамыту және өз жұмысын жетілдіру қажеттілігін түсіну, өзгерістерге дайын болу, қалыптан тыс ойлау дағдыларының жүйесін қамтиды.

Туристік- өлкетану бағыты бойынша балаларға қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыруға ұсынылған бағдарлама қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытының алдағы жетілуі мен дамуына қатысты блоктық-модульдік тәсіліне негізделген бір топ мәселені құрайды.

Жалпы бағдарлама көлемі – 72 академиялық сағат. Бағдарлама 4 оқу модулінен құралған.

Сабақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы жұмыс тәжірибесінде қарастырылған теория және практикамен танысу, өздік жұмыс пен жобаларды қорғау түріндегі дәріс және практикалық сабақтар өткізіледі.

Оқу бағдарламасы 4 негізгі модульден тұрады:

Психологиялық-педагогикалық модуль жас ерекшеліктеріне қарай оқушылармен жұмыс істеудегі психологиялық-педагогикалық білімнің жетілуін болжайды.

Бағдарламаның **технологиялық модулі** жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеушілік технологияларды, қосымша білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану бағытының мазмұны мен түрлері және оны қолданудың ерекшеліктері, негізгі күтілетін нәтижелерді ашып көрсетеді.

Тәжірибеге бағдарланған модуль құзыреттілікке бағдарланған білімге көшу жағдайындағы педагогикалық қызметті жетілдіру, инновациялық жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі бойынша жергілікті тәжірибелік сабақта туризмнің техникасы мен тактикасын меңгеруге мүмкіндік береді.

Мақсатты топтың сипаттамасы - туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру педагогтары.

Курсты өткізудің негізгі түрлері: дәрістер, семинарлар, практикумдар, сыртқа шығу сабақтары, экскурсиялар, шығармашылық шеберлік сыныптары, мастер класстар, тренингтер болып табылады.

Курстың мақсаты: балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты педагогтарының шығармашылық басымдылығын дамытудағы инновациялық технологиялармен таныстыру.

Курс міндеттері:

тыңдаушыларға ақпарат беру:

- қосымша білім беру жүйесіндегі заңнамалық, нормативтік-құқықтық базаны жаңарту жөнінде;
- құзыреттілік тәсіл негізінде білім беру мазмұнының жаңаруы жөнінде;
- туристік-өлкетанушылық білім беруде қазіргі білім беру технологияларының әдістемелік және теориялық білімдерін жетілдіру;
- туристік-өлкетану қызметі жағдайында әртүрлі тәрбие түрлеріндегі

- ықпалдастық әдістің дағдыларын меңгеру;
- қосымша білім беруде нақты оқу тәртібі, оқу курсы контексіндегі педагогикалық қызметтің жеке компоненттерін және тұтас білім беру (тәрбие) үрдісін жобалау.

Курстың мазмұны

№	Модульдің атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Дәріс	Тәжірибе
1.	Кіріспе. Курстың жалпы сипаты.	1	1	0
1	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ	4	2	2
1.1.	Оқушылардың туристік-өлкетану қызметінің психологиялық-педагогикалық қағидалары.	4	2	2
2.	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	19	10	9
2.1.	Білім беру жүйесіндегі туризм және өлкетану.	3	2	1
2.2.	Туристік-өлкетану бағыты бойынша қосымша білім беру ұйымдарындағы жобалық және зерттеу технологиялары.	4	2	2
2.3.	Қазақстан Республикасындағы балалар және жасөспірімдер туризмінің даму келешегі	4	2	2
2.4.	Қазақстан Республикасындағы экскурсиялық қызмет. Экскурсия түрлері: сәулеттік-қала құрылысы, тарихи, табиғаттану, өнертану, әдеби. Экскурсиялық әдістеме негіздері.	4	2	2
2.5.	Балаларға қосымша білім беру жүйесінің білім	4	2	2

	кеңістігіндегі мұражай педагогикасы			
3.	ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН МОДУЛЬ	48	22	26
3.1.	Түрген шатқалындағы сақ қорғандарын көру мақсатындағы табиғаттану экскурсиясы.	4	2	2
3.2.	Көшпелі сабақтар. Қазіргі деңгейдегі көрме қойылымы.	4	0	4
3.3.	Туристік жорықтарды дайындау және ұйымдастыру. Жол бағытын әзірлеу. Жол бағытының құжаттарын ресімдеу. Жоспарлау. Жорықтағы табиғатты қорғау қызметі.	4	2	2
3.4.	Туризмдегі қауіпсіздік. Туризмдегі қауіпсіздік. Төтенше жағдайда аман қалу. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек.	4	2	2
3.5.	Көшпелі сабақтар. Республикалық өлкетану мұражайы	4	2	2
3.6.	Алматы қаласындағы мектеп мұражайларға бару	4	2	2
3.7.	Туризм тактикасы және техникасы бойынша жергілікті жердегі практикалық сабақтар	8	4	4
3.8.	Қосымша білім педагогтарының туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық шығармашылық жобаларының есебін дайындау.	8	4	4
3.9.	Қосымша білім педагогтарының туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық шығармашылық жобаларын және тұсаукесерді қорғау.	8	4	4
	Қорытынды:	72	35	37

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» 27.01.2012 ж.
2. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасы.
3. Жексенбаева Ү.Б. Қазіргі заманғы мектептегі құзыреттілікке бағдарланған білім. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009. 190 бет.
4. Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде білім бағдарламаларын дайындаудың және жүзеге асырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. – Мәскеу, 1996.- 258 бет.
5. Березина В.А. Ресейлік білім жүйесінде балаларға арналған қосымша білімді дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – М.: АНО «Диалог культур», 2007. – 512 бет.
6. Жалпы және қосымша білімнің ықпалдасуы: Тәжірибелік құрал (Қосымша білім) / Е. Б. Евладовой, А. В. Золотаревой, С. Л. Паладьева. Ред. – М.: АРКТИ, 2006. – 296 бет.